



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Мәселе

ЖОЛДАҒЫ ЖАУАПСЫЗДЫҚ:

ЕРЕЖЕ ЕЛЕМЕГЕНДЕР КӨБЕЙДІ

Елімізде жол-көлік оқиғаларының саны азаймай тұр. Әсіресе тас жолдағы қаралы хабарларды естудің өзі жан түршіктіреді. Жүргізушілердің жауапсыздығы, жол қозғалысы ережелерін елемей, жылдамдықты шамадан тыс асыруы салдарынан талай адамның ғұмыры жол үстінде қиылып, қаншама отбасы қайғы-қасіретке душар болуда. Жолдағы бір сәттік салғырттық орны толмас өкінішке ұласып жатқан жағдайлар азаяр емес.

Сезім НҰР

285 бала қаза тапты

Күн сайын темір тұлпарды тізгіндегендердің жауапсыздығы мен жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзатындардың кесірінен шамамен 6 адам жол-көлік апатынан көз жұмуда. Бақылау камераларының саны артып, айыппұл көлемі көбейгенмен, жылдамдықты шамадан тыс асыратын жүргізушілер мен белгіленбеген жерден жолды кесіп өтетін жаяу жүргіншілер қатары сиремей тұр. Соның салдарынан жол апаты азаймай, адам өміріне қауіп төндіретін жағдайлар жиі орны алууда.

Мәселен, былтыр елімізде 36 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелген. Салдарынан 51 мыңнан астам адам жарақат алып, 2 330 адам қайтыс болған. Өкінішке орай оның 285-і – кәмелет жасқа толмаған бала. Олардың жартысы жолаушылар болса, қалғаны – жаяу жүргінші, велосипедші, самокат және мопед жүргізушілері.

Маса жүргізушілер кесірінен 212 адам зардап шекті

Елімізде жол-көлік оқиғаларынан мыңдаған отбасының шаңырағын шайқалуда, яғни жыл сайын 2-3 мыңға жуық отбасы жол апатынан жақынынан айырылып, қара жамылады. Быылғы жылдың алғашқы үш айының өзінде елімізде 6 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелген. Оның 5 мыңнан астамы жүргізушілердің жол қозғалысы ережелерін сақтамауынан болған. Апаттың басым бөлігі Алматы, Астана қаласы мен Жамбыл облысында тіркелген. Ақтөбе, Шымкент және Атырау өңірлерінде де жағдай маз емес. Бұл аймақтардың әрқайсысында үш ай ішінде 300-ден астам жол апаты болған. Салдарынан 226 адам көлігіне отырып, үйіне қайта оралмаған. Өліммен аяқталған жол-көлік оқиғалары ең көп тіркелген өңір – Түркістан облысы. Ал Алматы қаласында жол апатынан қаза тапқандар саны 30 пайыз азайғанымен, жол ережесін елемейтін жүргізушілер қатары көбейген.

Жолдағы қайғылы жағдайлардың негізгі себептері – жылдамдықты шамадан тыс асыру, қарсы жолаққа шығу, мас күйде көлік жүргізу. Жыл басынан бері мас күйінде көлік тізгіндеген жүргізушілердің кесірінен 144 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Салдарынан төрт адам қаза тауып, 212 адам түрлі дене жарақатын алған. Ал былтыр масан күйде көлік басқарған жүргізушілердің қатысуымен 673 жол апаты болған. Өкінішке орай апат салдарынан 56 адам көз жұмған.

Әл-Фарабидегі апат үш адамның өмірін қиды

21 наурызда қараған түні Алматыдағы Әл-Фараби даңғылында болған жантуіршігерлік жол апаты қоғамды елең еткізді. Zeekr автокөлігінің жүргізушісі қарсы жолаққа шығып кетіп, Mercedes-Benz көлігімен бетпе-бет

соқтығысқан. Апат салдарынан Mercedes-Benz жүргізушісі мен екі жолаушы оқиға орнында көз жұмды. Кейін тергеу барысында Zeekr жүргізушісінің мас болғаны анықталды. Бұл оқиға жол қозғалысы ережесін елемейтін, әсіресе мас күйінде көлік басқарудың соңы орны толмас өкінішке ұласатынын көрсетті. Жол үстінде жоғалған өмірлерді ешкім кері қайтара алмайды. Сондықтан әрбір жүргізуші рөлге отырған сәтте өз қауіпсіздігімен қатар өзгенің де тағдырына жауапты екенін естен шығармауы тиіс.

Мас мұғалім алты адамды қақты

Осыдан бірнеше күн бұрын Түркістан облысында адам шошырлық қайғылы жағдай болды. Мас күйінде көлік тізгіндеген жүргізуші тұрғын үйдің ауласына көлікпен кіріп кетіп, салдарынан үш адам қаза тапты. Өкінішке орай, олардың екеуі – бала.

Қас-қағым сәтте қара жамылған Айдаровтар отбасы бір мезетте келіні мен кішкентай немересінен айрылды. Үй ауласында 30 жастағы Айшолпан көршісі және балаларымен бірге отырған кезде жоғары жылдамдықпен келген көлік кірпіш қоршауды бұзып өтіп, адамдарды қағып кеткен.

Жантуіршігерлік оқиға салдарынан алты адам зардап шекті. Көлікті 52 жастағы әйел адам мас күйінде басқарып, апаттан кейін оқиға орнынан қашып кетуге тырысқан. Өкінішке орай Айшолпан ауруханаға бара жатқан жолда көз жұмды. Ал оның екі жасар ұлы мен көршісінің бес жасар қызы оқиға орнында қайтыс болған. Қаза болған бес жасар қыздың анасы мен бір жарым жасар інісі аман қалғанымен, саби ауыр жағдайда жан сақтау бөлімінде жатыр. Дәрігердің айтуынша, бір жарым жасар бала ауыр халде, ол да жан сақтау бөлімінде жатыр. Оның мысы шайқалып, бірнеше қабырғасы мен сан сүйегі сынған. Ал анасы мен апаттан зардап шеккен тағы бір адам ауруханада дәрігерлердің бақылауында.

Айта кетейік, жүргізуші қазір қамауда. Ол мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеген және бос уақытында жолаушы тасымалымен айналысқан.

Бұл оқиға мас күйде көлік тізгіндегеннің қаншалықты ауыр зардаптарға әкелетінін тағы бір мәрте еске салды. Бір адамның жауапсыз әрекеті бірнеше отбасының тағдырын тас-талқан етіп, жазықсыз жандардың өмірін жалмады. Сондықтан темір тұлпар тізгіндеген әрбір жүргізуші өз өмірінен қатар, айналасындағы адамдардың да тағдырына жауапты екенін ұмытпауы керек. Біздікі – оқырманға ой салу. Себебі жол қателікті кешірмейді. Сондықтан сақтық шаралары мен заң талаптарын қатаң сақтау – әр азаматтың міндеті.



Ел жаңалықтары



ЖЕКЕ КАБИНЕТ ЖАҢАРАДЫ:

EGOV-ТА

ЖАҢА ТАЛАПТАР МЕН ФУНКЦИЯЛАР БЕКІТІЛДІ

Қазақстанда азаматтардың цифрлық кеңістігіне қойылатын талаптар бекітілді. Тиісті бұйрыққа Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев қол қойды. Құжатқа сәйкес, eGov порталындағы азаматтардың жеке кабинеттерінде бірқатар жаңа функция іске қосылады.

Тарқатып айтсақ, пайдаланушылар цифрлық кеңістіктегі ақпараттың өзектілігін тексерсе алады, мемлекеттік қызметтерді алу тарихын көре алады. Сондай-ақ маңызды операциялар мен өзгерістер туралы push-хабарламалар, SMS немесе электрондық пошта арқылы хабарлама алу қарастырылған.

Бұдан бөлек хабарландырулар мен қауіпсіздік параметрлерін баптау және электрондық цифрлық қолтаңба сертификаттарын кері қайтарып алу мүмкіндігі енгізіледі. Мамандардың айтуынша, цифрлық кеңістік азаматтың мемлекеттік қызметтермен өзара әрекеттесуін бір жүйеге біріктіріп, деректердің ашықтығы мен қолжетімділігін арттырады. Құжат биыл 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

«ЖЖ» ақпарат

ЖАНДОСТЫҢ ЖЫЛЫЖАЙЫ

Бүгінде «кәсіп бастаймын» деген азаматтарға мемлекет тарапынан қаржылай қолдау қарастырылған. Соның ішінде ең көп тарағаны – төмен пайызбен несие мен қайтарымсыз грант. Аталған бағдарламалар арқылы өз кәсібін бастап, табысын еселеген жандар аз емес. Соның бірі – Темірбек Жүргенов ауылының тұрғыны Жандос Ибраев.

Қазір жаз мезгілі болғандықтан кез келген дүкен сөрелерінде жеміс-жидек, көкөніс, бақша дақылдарының түр-түрі бар. Дегенмен бұл өнімдердің барлығы жыл он екі ай бойы дүкен сөрелерінен табыла бермейді. Осы ретте жылыжай шаруашылығы – табыс табуға таптырмас мүмкіндік. Бұл сала көкөніс және бақша дақылдарын жыл бойы өсіруге мүмкіндік беріп қана қоймай, тұтынушыларды табиғи өніммен қамтамасыз етуге септігін тигізіп отыр.

Жалпы Темірбек Жүргенов ауылының тұрғындары ел игілігіне қажет кәсіп бастауда өте белсенді. Мемлекет тарапынан берілетін қолдауды ауыл тұрғындары құр жібергісі келмейді. Жыл сайын жаңа кәсіп ашып, тұрғындар ауылдың дамуына өз үлесін қосуда. Бұған дейін ауылда жергілікті тұрғынның бірі Фас-Фуд орталығын ашып, жергілікті жұртқа сапалы қызмет түрін ұсынған еді. Сондай игі бастамалар бүгінде өз жалғасын тауып, ауыл орталығынан жылыжай шаруашылығы іске қосылған. Жаңа кәсіптің ашылғаны туралы ауыл әкімінен ести салысымен әріптестерімен бірге шалғайдағы елді мекенге арнайы атбасын бұрып, еңбекке бел буған кәсіпкердің шаңырағына аялдадық.

Барсақ, Жандос Ибраев аялданса, жылыжайдың бірінен өз өнімін жинап жүр екен. Бізді жылы шыраймен қарсы алған

кәсіпкер азаматқа өзімізді таныстырып, мұнда келудегі басты себептімізді айттық. Кейіпкеріміз «Тұтынушыларымынның бірі 5 келі қиярға тапсырыс беріп еді, соны жинап жүрмін» деген соң біз де оған біріншіден, көмектеспек ниетте, екіншіден, жылыжай шаруашылығын қазіргі жай-күйімен танысу үшін қияр орналасқан жылыжайға қарай қолымызға шелек ала жөнелдік.

Жылыжайдың тыныс-тіршілігін көру арқылы біз жасыл желекке оранған көкөністердің қалай өсіп жатқанын байқадық. Мұндағы әрбір түп өнім маңдай тер мен адал еңбектің жемісі екені анық көрініп тұр. Кейіпкеріміздің әр түп өніміне жанашырлықпен қарағанынан-ақ оның бұл салаға беріде келмегенін аңғардық. Бұл ойымызды ол жоққа шығармады, бала күннен бері бақша ісімен айналысқанды ұнатады екен.

– Бұл істі бастағаным күні кеше ғана емес, ауылдың баласы болғандықтан ес білгеннен мал шаруашылығы мен егін шаруашылығына егіп болдық. Жылыжай ісімен айналыспас бұрын жыл сайын аулаға асқабақ, қауын, қызанақ егетінмін. Ал биыл ештеңе егіп үлгермедім. Өздеріңіз көріп тұрғандай, ауламада 3 жылыжай орналасқан. Оң жағыңыздағы жылыжайды осыдан бірнеше жыл бұрын бастағанмын. Жердің берекеcісін дұрыс пайдалансақ, жыл он екі ай табыс табуға болатынын түсініп, былтыр «Ауыл аманаты»

жобасы аясында 2,5 пайызбен 3 млн 800 мың теңге алдым. Қаражат қолыма тие салысымен екі жылыжай салып, 3 сотық жерге қызанақ, екінші 3 сотық аумаққа қияр орналастырдым. Қазір жылыжайда қиярдың екі сұрпы, қызанақтың бір сұрпын өсіріп жатырмыз. Ең бастысы, өніміміз жергілікті тұрғындардың дастарқанына жетіп отыр, – дейді Жандос Ибраев.

Іскер азамат өз өнімін алғаш наурыз айында үй жағдайында көшет ретінде өсіріп бастағанын айтады. Оларды 30 күннен кейін жылыжайға көшіріп, бүгінгі таңда сол еңбектің жемісін көріп отыр.

Оның айтуынша, қияр шамамен 65 күнде пісіп-жетіледі, ал қызанақ 80-90 күннің ішінде өз өнімін бере бастайды. Қазіргі таңда ол жылыжайда қиярдың күніне бір мезгіл, яғни таңертең жинайды. Кәсіпкер бастапқыда қиярдан күніне 20 келден аса өнім алса, бүгінде 10 келіге жуық өнім алып, жергілікті халыққа ұсынууда.

Кәсіпкердің айтуынша, жылыжайдағы әрбір жұмыс күнделікті күтімді талап етеді. Суару, температураны бақылау, тыңайтқыш беру секілді жұмыстар үздіксіз жүргізілуіне. Соның нәтижесінде өнім сапасы да жоғары болып, нарықта сұранысқа ие болуда.

– Жәкеңнен жыл сайын қызанақ, баклажан, болгар бұрышының көшеттерін алып өз



Бағдарлама игілігі

аулама егіп отырмын. Былтырдан бастап дүкен сөрелеріндегі қияр, қызанақты емес, Жәкеңнің жылыжайындағы өнімді тұтынуға көштік. Бастысы, табиғи, таза өнім. Кейде тапсырыс көптігінен жетпей қалатын кездер болады, сол үшін күнделікті алдын ала тапсырыс беріп тұрамын, – дейді ауыл тұрғыны Ұлықбек Нұрылдаев.

Жандос ағаның алға қойған жоспары да жоқ емес. Ол алдағы уақытта кәсібінің көкжиегін кеңейтіп, ауласына құлпынай егу ісімен де айналысқысы келетінін жасырмады. Кәсіпкердің айтуынша, құлпынайды бір рет дұрыс отырғыза, қатарынан үш жыл өнім бере алады.

Айта кетейік, бағбан өз өнімін тамшылатып суару әдісі арқылы өсіріп отыр. Бұл тәсіл су үнемдеуге де, өсімдіктің біркелкі жетілуіне де

мүмкіндік береді. Жылыжай шаруашылығында оған өмірлік жары қолғабыс етіп келеді, яғни жылыжайдағы көкөністерді баптау, суару сынды негізгі жұмыстармен Жандос аға айналысса, піскен өнімді тұтынушыларға жеткізу, сату ісін жұбайы өз міндетіне алған.

«Еңбек етіп, табыс табамын» деген адамға тіршілік көп, тек әрекет ету керек. «Әрекет түбі – берекет» демекші, аядай ғана ауылдағы Ибраевтар әулетінің күнделікті тіршілігі осы қағидамен өріліп жатыр. Зейнет жасына жетсе де, қолы қалт етсе, қарап отырмай, еңбекпен айналысқанды жаны сүйетін Жандос ағаның жылыжайы – оның тынымсыз еңбегінің жемісі.

Сезім НҰР

Мәжіліс

Білімді ұрпақ – елдің ертеңі, ұлттың болашағы. Шынында, қоғамның дамуы мен мемлекеттің өркендеуі жас ұрпақтың сапалы білім алуына, саналы тәрбие көруіне тікелей байланысты. Осы орайда оқу жылын қорытындылау, шәкірттердің жетістіктерін саралау және олардың қауіпсіз әрі мазмұнды жазғы демалысын ұйымдастыру – аса маңызды міндеттің бірі. Жалағаш аудандық білім бөлімінің кезекті мәжілісі дәл осы өзекті мәселелерді талқылауға арналды.

Мәжілісте аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов білім саласының бүгінгі ахуалына тоқталып, алдағы міндеттерді айқындады. Жиынға мектеп директорлары, балабақша меңгерушілері мен бөлім мамандары қатысып, білім беру жүйесінің әр бағыты бойынша атқарылған жұмыстар сараланды.

Атап айтқанда, мектепке дейінгі ұйымдарда көрсетілетін қызмет сапасы, 11-сынып түлектерінің мемлекеттік емтихандары мен ұлттық бірыңғай тестілеу қорытындылары, балалардың жазғы қауіпсіздігі және өзге де ағымдағы мәселелер кеңінен қаралды. Әрбір мәселе бойынша нақты көрсеткіштерге талдау жасалып, кемшіліктер мен жетістіктер таразыланды.

Білім – адам өміріндегі ең қастерлі құндылықтың бірі. Сондықтан оқу жылының қорытындысы тек бағалар мен емтихан нәтижелері арқылы ғана емес, шәкірттердің рухани дамуы мен азаматтық қалыптасуы арқылы бағаланады. Осы тұрғыда 2025-2026 оқу жылы аудан мектептері үшін нәтижелі кезең болды деуге толық негіз бар.

Оқу жылын аяқтау шаралары ҚР Оқу-ағарту министрлігінің және облыстық, аудандық білім басқармаларының тиісті бұйрықтарына сәйкес ұйымдастырылуда. Бұл құжаттар білім ұйымдарының жұмысын біріздендіріп, барлық шаралардың заң талаптарына сай өткізілуін қамтамасыз етеді.

Атап айтқанда, оқу жылы 25 мамыр күні аяқталып, дәстүрлі «Соңғы қоңырау» мерекесі мектеп қабырғаларында өтті. Бұл күн – мыңдаған оқушы үшін ерекше әсерге толы сәт. Бірі үшін келесі сыныпқа қадам басытын қуанышты кезең болса, енді бірі үшін балалық шақпен қоштасып, үлкен өмірге жол тартатын тарихи күн.

Осы күні барлық мектепте «Білімім – Отаным» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары ұйымдастырылды. Сынып сағаттарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары кеңінен насихатталды. Атап айтқанда, заң мен тәртіпті сақтау, үлкенді құрметтеу, кішіге ізет көрсету, еңбекқорлық, туған жерге жанашырлық секілді қасиеттердің маңызы түсіндірілді.

БІЛІМ МЕН БОЛАШАҚ: АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР САРАЛАНДЫ



Сонымен қатар «Таза Қазақстан» бас-тамасы аясында экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселелері де қамтылды. Себебі туған жердің тазалығы мен көркеюі әр азаматтың жауапкершілігінен басталады. Балаларға қоршаған ортаны қорғау, табиғатты аялау және қоғамдық орындарды таза ұстау мәдениеті жөнінде тағылымды әңгімелер айтылды.

Биыл аудан бойынша жалпы саны 6885 оқушы оқу жылын аяқтады. Оның ішінде 669 оқушы тоғызыншы сыныпты, ал 470 оқушы он бірінші сыныпты тәмамдады. Бұл – аудан тарихындағы тағы бір түлектер легі үлкен өмірге қанат қағатын сәт.

Атап айтқанда, «Алтын белгіге» 20 оқушы үміткер болса, 42 оқушы «Үздік аттестат» алуға бел буды. Бұл көрсеткіштер аудан мектептеріндегі білім сапасының артып келе жатқанын аңғартады.

Мемлекеттік емтихандар білім алушылардың жыл бойы жинақтаған білімін саралайтын маңызды кезең болып саналады. Сондықтан барлық емтихан белгіленген кестеге сәйкес ұйымдастырылып, әділдік пен ашықтық қағидаттары қатаң сақталуда.

Тоғызыншы сынып оқушылары төрт пән бойынша қорытынды емтихан тапсырса, он бірінші сынып түлектері бес пәннен мемлекеттік бітіру емтиханын тапсыруда. Әрбір емтихан оқушылардың білім деңгейін анықтап қана қоймай, олардың жауапкершілігі мен табандылығын да шыңдайды.

Бүгінгі таңда жоғары білімге ұмтылған жастар үшін ұлттық бірыңғай тестілеудің орны ерекше. Өздеріңізге белгілі, соңғы жылдары ҰБТ электронды форматқа көшіріліп, талапкерлерге барынша қолайлы жағдай жасалды. Атап айтқанда, аудан бойынша 470 бітірушінің 414-і ҰБТ-ға қатысуға өтініш берген. Бұл жалпы түлектердің 88 пайызын құрайды. Тестілеу 10 мамыр мен 10 шілде аралығында өткізіліп, талапкерлерге екі мүмкіндік беріледі.

ҰБТ – жай ғана сынақ емес, арманға бастайтын баспалақ, үлкен өмірге жол ашатын мүмкіндік. Сондықтан әрбір түлек бұл кезеңге зор жауапкершілікпен қарап, білім жолындағы еңбегінің жемісін көруге талпынуда. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселесі де мәжілісте маңызды тақырыптың бірі болды. Өйткені жаз мезгілі – оқушылар үшін тек тынығу ғана емес, олардың шығармашылық қабілетін дамытып, денсаулығын нығайтатын ерекше кезең.

Аудан бойынша 1-10 сыныптардағы 6553 оқушы жазғы демалыс шараларымен қамтылуы тиіс. Оның ішінде жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан оқушыларға ерекше көңіл бөлінуде. Атап айтқанда, 2096 бала жазғы демалыспен толық қамтылады. Бұл – мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған әлеуметтік қолдаудың айқын көрінісі.

Жазғы демалыстың негізгі бағытының бірі – сауықтыру лагерлерінің жұмысы. Осы

мақсатта аудандағы «Ақтерек» сауықтыру лагерінде алты ауысым бойынша 452 баланы қабылдау жоспарланған. Табиғат аясында орналасқан бұл лагерь балалардың денсаулығын нығайтып, қызықты демалыс өткізуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар мектеп жанындағы тынығу лагерлері де өз жұмысын бастайды. Жазғы маусымда 20 мектепте ұйымдастырылатын лагерлерде мыңдаған бала демалып, түрлі мәдени-спорттық шараларға қатысады.

Атап айтқанда, Шымкент қаласындағы «Балдәурен» республикалық лагеріне, Қызылорда қаласындағы «Аi-Kerim» орталығына және Жаңақорған ауданындағы «Талдысу» лагеріне көптеген бала жіберіледі. Бұл шаралар балалардың дүниетанымын кеңейтіп, жаңа достар тауып, жарқын естеліктер жинауына мүмкіндік береді.

Сондай-ақ тарихи-танымдық экскурсиялар ұйымдастырылып, оқушылар Түркістан мен Жент секілді тарихи орындарға саяхат жасайды. Мұндай сапарлар өскелең ұрпақтың туған ел тарихына деген қызығушылығын арттырып, ұлттық құндылықтарды терең тануына жол ашады.

Әрине, балалардың қауіпсіздігі – басты назардағы мәселе. Сондықтан білім бөлімі құқық қорғау органдарымен, төтенше жағдайлар қызметімен және денсаулық сақтау ұйымдарымен бірлесіп кешенді жұмыстар жүргізуде. Атап айтқанда, полиция қызметкерлеріне мектептерде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, бітіру кештерін бақылау, заңсыз іс-шаралардың алдын алу және балалардың қауіпсіздігін сақтау жөнінде нақты тапсырмалар берілді. Ал төтенше жағдайлар бөліміне су айдындарындағы қауіпсіздік шараларын күшейту, балалар мен ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу міндеттелген. Жазғы лагерлерде тәулік бойы медициналық қызмет көрсетіліп, балалардың денсаулығы тұрақты бақылауда болады. Бұл бағытта аудандық аурухана тарапынан қажетті мамандармен қамтамасыз ету жұмыстары қолға алынууда.

Қорыта айтқанда, білім беру саласындағы әрбір бастама – болашаққа салынған инвестиция. Балалардың сапалы білім алуы, қауіпсіз ортада тәрбиеленуі және мазмұнды демалыс өткізуі – қоғам алдындағы ортақ міндет.

Дана халқымыз «Бала – болашағымыз, ұрпақ – ұлтымыздың жалғасы» дейді. Сондықтан бүгінгі атқарылып жатқан жұмыстың барлығы ертеңгі ел тізгінін ұстайтын жас буынның жарқын болашағына бағытталған игі қадам болып қала береді.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА



БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚҚА МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Кәсіби бағдар беру – қоғам сұранысына сай әрбір оқушының қабілеті мен бейімділігін ескере отырып, олардың белгілі бір кәсіпке қызығушылығын қалыптастыруға және болашақ мамандығын саналы таңдауға бағытталған маңызды қадам. Бұл – жас ұрпақтың өмірлік жолын дұрыс айқындап, еңбек нарығында өз орнын табуына ықпал ететін маңызды бетік. Осы мақсатта аудандық білім бөлімі мен Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінің бірлесуімен мектеп оқушыларының жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру және жұмысшы мамандықтарды насихаттау бағытында «Кәсіпке бейімдеу» шарасы өтті.

Кездесуге 7, 8 және 10-шы сынып оқушылары қатысып, колледжде даярланатын мамандықтармен жан-жақты танысып, студенттер мен түлектердің қолынан шыққан жұмыс көрмесін тамашалады. Сондай-ақ болашақ кәсіп таңдаудың маңызы туралы тағылымды ақпараттарға қанықты.

Алпыс жылдан астам тарихы бар білім ордасы осы уақытқа дейін 25 мыңнан астам түлекке сапалы білім беріп, түрлі салаға білікті мамандар даярлап шығарды. Бүгінде колледж өңірдегі жұмысшы мамандықтарды даярлайтын жетекші оқу орнының біріне айналды.

Қазіргі таңда колледждің материалдық-техникалық базасы жыл сайын нығайтып, ауыл шаруашылығы мен эконоимикасына қажетті жаңа мамандықтар ашылууда. 450 орынға лайықталған оқу орнында бүгінде 242 студент білім алууда. Олар ауыл шаруашылығын механикаландыру, дәнекерлеу ісі, электр жабдықтары және тамақтандыруды ұйымдастыру мамандықтары бойынша кәсіби білім мен тәжірибе жинақтауда. Биыл оқу орнының қатары тағы да толығып, 78 талапкер колледж студенті атанды. Бұл жастардың жұмысшы мамандықтарға деген қызығушылығын артып келе жатқанын көрсетеді.

Студенттердің сапалы білім алып, заманауи талаптарға сай маман болып қалыптасуы үшін колледжде барлық қажетті жағдай жасалған. Сонымен қатар білім алушылар үшін мұнда 20 пән кабинеті мен өндірістік шеберхана жұмыс істейді. Студенттердің әлеуметтік жағдайына да ерекше көңіл бөлінген. Қазіргі уақытта 50 орындық жатақханада 13 студент тұрып жатыр. Бұдан бөлек колледжде білім алатын барлық студенттерге шақтық тағайындалып, мемлекет тарапынан қолдау көрсетіледі.

Шарада Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 орта мектеп директорының бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары Мәриям Кенжеғұлова оқушыларға мамандық таңдаудың қыр-сыры туралы кеңінен мағлұмат берді. Сонымен қатар аймақтағы жоғары және арнаулы оқу орындары жөнінде толыққанды ақпарат берді.

Кездесу соңында оқушылар колледж мамандары ұйымдастырған практикалық шеберлік сағаттарына қатысып, түрлі мамандықтардың ерекшеліктерімен танысты. Бұл шара жасөспірімдердің болашақ мамандықтарына деген қызығушылығын арттырып, саналы таңдау жасауына бағыт-бағдар берген маңызды алаң болды.

Сезім НҰР



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТІРЕГІ

Қай халықтың болсын тарихы мен тағдыры, рухани байлығы мен мәдени мұрасы ең алдымен оның тілінде сақталады. Тіл – ұлттың өткені мен бүгінгі жалғап тұрған алтын көпір, ата-бабадан аманат болып жеткен баға жетпес қазына. Адам дүниеге келген сәттен бастап ана тілінің әлдин естіп, сол тілдің құдіретімен ойлап, сол тілдің нәрімен сусындайды. Сондықтан тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, халықтың жаны, рухы, болмысы.

Тіл – халықтың жаны

Қазақ халқы үшін қазақ тілі – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дүниетанымын, салт-дәстүрдің, мәдениеттің айнасы. Ұлы дала төсінде еркін көшіп-қонған бабаларымыз ұрпағына бай тілдік мұра қалдырды. Сол мұраның арқасында халқымыздың тарихы, шежіресі, әдебиеті мен өнері бүгінгі күнге жетті.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің басты нышанының бірі. Ту, Елтаңба, Әнұран қандай қасиетті болса, мемлекеттік тіл де – сондай қастерлі ұғым. Ол елдің тәуелсіздігін айқындайтын, ұлттық бірегейлігін танытатын маңызды құндылықтар қатарында тұр.

Мемлекеттік тілдің мәртебесі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Бұл мәртебе Қазақстан Конституциясында айқын көрсетілген. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – тек заңның талабы ғана емес, әр азаматтың азаматтық борышы.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тілінің дамуына кең мүмкіндік ашылды. Мемлекеттік мекемелерде, білім беру ұйымдарында, бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ тілінің қолданылуы аясы кеңейді. Қазақ тілінде кітаптар жарық көріп, ғылыми еңбектер жазылып, жаңа терминдер қалыптасты. Бұл – мемлекеттік тілдің өркендеу жолындағы маңызды қадам.

Дегенмен тілдің дамуы тек заңмен немесе қаулымен шектелмейді. Оның өміршеңдігі халықтың күнделікті қолданысына байланысты. Тіл шынайы өмірдің барлық саласында қолданылғанда ғана дамиды, байды және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады.

Қоғамдағы мемлекеттік тілдің орны ерекше. Ол – азаматтарды ортақ мақсатқа

біріктіретін, елдің тұтастығын нығайтатын күш. Бір тілде сөйлеген халықтың бірлігі де бекем болады.

Қазақ тілі бүгінде білім беру, ғылым, мәдениет, әдебиет, ақпарат кеңістігі сияқты көптеген салада кеңінен қолданылып келеді. Әсіресе жастардың мемлекеттік тілді меңгеруге деген қызығушылығы артып отырғаны қуантады. Бұл – болашаққа деген сенімнің белгісі.

Мемлекеттік тіл қоғамдық қатынастардың барлық деңгейінде қолданылған сайын оның беделі де арта түседі. Тілдің мәртебесі оны құрметтеуден басталады. Қоғам мүшелері мемлекеттік тілде сөйлеп, оны күнделікті өмірде пайдалану арқылы елдің рухани дамуына үлес қосады.

Тіл адамдар арасындағы түсіністікті қалыптастырады. Ол түрлі этнос өкілдерін ортақ құндылықтар төңірегіне топтастырып, қоғамдағы татулық пен келісімді нығайтады. Сондықтан мемлекеттік тіл – қоғамдық тұрақтылықтың маңызды факторының бірі.

Қазақ тілінің көркемдігі мен байлығы

Қазақ тілі – әлемдегі ең бай әрі көркем тілдің бірі. Оның сөздік қоры мол, мағынасы терең, бейнелеу мүмкіндігі ерекше. Бір ғана табиғат құбылысын сипаттау үшін халқымыз ондаған сөз бен тіркес қолданған. Бұл тілдің байлығын, халықтың дүниетанымын көрсетеді.

Қазақтың ауыз әдебиеті, жыраулар поэзиясы, шешендік сөздері тілдің құдіретін айқын дәлелдейді. Асан Қайғыдан бастап Бұқар жырауға дейінгі даналар елдің тағдырын тіл арқылы өрнектеді. Ал Абай, Шәкәрім, Мағжан сынды ұлы тұлғалар қазақ тілінің көркемдік көкжиегін кеңейтті.

Ахмет Байтұрсынұлы «Тілі жоғалған



жұрттың өзі де жоғалады» деген еді. Бұл сөздің мәні бүгінде өзектілігін жоғалтқан жоқ. Өйткені тіл – ұлттың өмір сүруінің басты кепілі. Тілдің байлығы – халықтың байлығы. Сондықтан қазақ тілінің көркемдігін, тазалығын сақтау – әрбір азаматтың қасиетті міндеті.

Қандай мемлекеттің болашағы болса да жастардың қолында. Сондықтан мемлекеттік тілдің тағдыры да ең алдымен жас ұрпаққа байланысты. Бүгінгі жастар заман талабына сай бірнеше тіл меңгеріп келеді. Бұл – құлтарлық жағдай. Алайда өзге тілді үйрену ана тілінің беделін төмендетпейді тиіс. Керісінше мемлекеттік тілді терең меңгерген адам өзге тілдерді де оңай игереді.

Жастар арасында қазақ тілінде кітап оқу, ғылыми ізденіс жасау, шығармашылықпен айналысу мәдениетін қалыптастыру маңызды. Әлеуметтік желілер мен ақпараттық кеңістікте қазақ тілінің үлесін арттыру да – уақыт талабы. Қазақ тіліндегі азаматтық контентті көбеюі жастардың тілге деген қызығушылығын арттырады. Бұл бағытта шығармашыл жастардың еңбегі ерекше бағаланып тиіс.

Мемлекеттік тіл – ел болашағының кепілі

Тілге құрмет – Отанға құрмет. Өз тілін қадірлеген халықтың болашағы жарқын болады. Мемлекеттік тілдің дамуы елдің рухани жаңғыруымен, мәдени өркендеуімен тікелей байланысты.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

АКЦИЯ

ТАЗАЛЫҚ – ОРТАҚ МІНДЕТ

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында еліміздің барлық өңірінде қоршаған ортаны қорғау мен тазалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған игі бастамалар жүзеге асуда. Бұл акцияның басты мақсаты – табиғатты аялау, туған жердің көркеюіне үлес қосу және тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттыру. Осы мақсатта ауданда және барлық ауылдық елді мекенде ауқымды сенбілік ұйымдастырылып, көпшілік ортақ іске жұмыла кірісті.



Қазақ халқы ежелден тазалықты тіршіліктің тірегі, мәдениеттіліктің белгісі деп бағалаған. «Тазалық – саулық негізі, саулық – байлық негізі» деген дана сөздің астарында үлкен мән жатыр. Өйткені тазалық сақталған жерде тәртіп те, береке де, бірлік те болады. Сондықтан қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың туған жер алдындағы парызы.

Сенбі күні кент көшелері мен әлеуметтік нысандардың аумағы ерекше қарбаласқа бөленді. Таңертең басталған тазалық жұмыстарына көше тұрғындары, мекеме қызметкерлері, жастар ұйымдарының мүшелері мен еріктілер белсене қатысып, туған өлкенің тазалығы жолында бірлесіп еңбек етті. Қолына құрал-сайман алған тұрғындар көшелерді, қоғамдық орындарды және мекеме аулаларын қоқыстан тазартты.

Бұл күні аудан тұрғындарының ауызбіршілігі мен ұйымшылдығы айқын көрінді. Бірі жол жиектерін ретке келтірсе, енді бірі ағаштардың түбін қоспатып, жабайы шөптерді шапты. Құраған бұтақтар кесіліп, айнала көркейе түсті. Сенбілікке қатысушылардың әрқайсысы туған жердің тазалығы өз қолында екенін терең сезініп, ортақ іске үлкен жауапкершілікпен қарады.

Туған жердің көркі – оның тазалығында. Көшелердің жинақы болуы, саябақтар мен қоғамдық орындардың күтімді күйде сақталуы тұрғындардың өмір сүру сапасына оң әсер етеді. Әсіресе өсіп келе жатқан жас ұрпақ үшін мұндай шаралардың тәрбиелік маңызы ерекше. Үлкендердің өнегелі ісін көрген жастар еңбекқорлыққа, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға үйренеді.

Экологиялық акция аясында қолға алынған жұмыстардың сапалы орындалуына назар аударылды. Тұрғындардың белсенділігіне біз де риза оюлдық. Мұндай шаралар ауданның санитарлық жағдайын жақсартып қана қоймай, халықтың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырады сөзсіз.

Иә, тазалық – әрбір азаматтың мәдениеті мен жауапкершілігінің көрінісі. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таппайды.

табады. Туған жеріміздің көркеюі мен қоршаған ортаның таза болуы – баршамызға ортақ міндет. Сондықтан әр тұрғын осы іске үлес қосады деп сенеміз.

Экологиялық мәдениет бір күнде қалыптаспайды. Ол әр адамның күнделікті әрекетінен, қоршаған ортаға деген көзқарасынан бастау алады. Аула тазалығын сақтау, қоқысты арнайы орындарға тастау, жасыл желекті күтіп-баптау сияқты қарапайым әрекеттердің өзі үлкен нәтижеге жеткізеді.

Сондықтан «Таза Қазақстан» бағдарламасы тек сенбілік өткізумен шектелмей, қоғамда жаңа экологиялық сана қалыптастыруды көздейді. Жалағаш жұрты бұл бастаманы әрдайым қолдап келеді. Соңғы жылдары аудан көлемінде абаттандыру және қоғалдандыру бағытында көптеген жұмыс атқарылып, елді мекендердің келбеті жаңарып келеді. Тазалық шараларына тұрғындардың тұрақты қатысуы – олардың туған жерге деген жанашырлығының айқын көрінісі.

– Осындай тазалық шараларынан кейін айналамыздың ажары ашылып, көңіліміз көтеріліп қалады. Туған жеріміздің таза әрі көрікті болғаны өзіміз үшін де, кейінгі ұрпақ үшін де маңызды. Сондықтан мұндай бастамаларға әр тұрғын белсенді қатысуы керек едім деймін, – деді кент тұрғыны Айнур Смайлова.

Табиғат – адамзаттың ортақ байлығы. Оны қорғау мен сақтау – бүгінгі ұрпақтың ғана емес, келешек буының

алдындағы жауапкершілік. Біз табиғатты қаншалықты аялап, қоршаған ортамызды таза ұстасақ, ертеңгі ұрпаққа сондай көркем әрі жайлы мекен қалдырамыз. Сондықтан тазалық мәдениетін қалыптастыру әрбір отбасының, әрбір азаматтың өмірлік қағидасына айналуы тиіс.

Сенбілік қорытындысында жиналған тұрмыстық қалдықтар мен қоқыстар арнайы техникалардың көмегімен тиісті орындарға шығарылды. Нәтижесінде көшелер мен қоғамдық аумақтар тазарып, елді мекендердің ажары айшықтала түсті. Бір күндік еңбектің нәтижесі тұрғындардың көңілінен шығып, ортақ іске деген ынтаны арттырды.

«Таза Қазақстан» акциясы – қоршаған ортаны қорғауға бағытталған маңызды жоба ғана емес, қоғамды біріктіретін, жауапкершілікке үндейтін, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыратын тағылымды бастама. Сондай игі шаралар арқылы экологиялық мәдениетіміз нығайып, елді мекендеріміз көркейіп, табиғатымыздың тазалығы сақтала бермек.

Тазалық – өркениетті қоғамның айнасы. Әр азамат туған жерінің тазалығына үлес қосқанда ғана еліміз гүлденіп, өңірлеріміз көркейіп түседі. Сондықтан бүгінгі бастама ертеңгі жарқын болашақтың берік негізі болып қала берсін.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

ТӘРТІП

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ балалардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің тұрғынжайдан тыс жерлерде жүруіне жол бермеу мақсатында өткен аптада аудан аумағында түнгі рейдтік іс-шара өткізілді.

РЕЙДТІК ШАРАЛАР ЖАЛҒАСАДЫ

Ымырт үйірлер тыныштықта кей сәттері тосын оқиғалар жасырын тұратыны бар. Соңғы кездері балалықтың албырттығы көптеген құқық бұзушылықпен аяқталып жатқанын жиі естиміз. Естіп қана қою – қоғамның бұл мәселесіне бейжай қарауы. Дәл қазіргі таңда үздіксіз жүргізілген жұмыс қана нәтижесін беретіні ақиқат. Осы ретте аудандық білім бөлімі, полиция бөлімі, аудандық жастар ресурстық орталығы қызметкерлерінің қатысуымен кенттегі көшелер, саябақтар, қоғамдық орындар, компьютерлік клубтар және жастар көп шоғырланатын өзге де нысандарда профилактикалық-түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде.

Қауіптің қайдан келері белгісіз. Бір қарағанда алаңсыз көрінетін түнгі серуеннің өзі кейде жасөспірімдерді келенсіз жағдайлардың ортасына алып келуі мүмкін. Рейдтік шаараға қатысқан жауапты сала мамандары мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері түнгі уақытта ата-ананың қарауына жүрген жасөспірімдерді анықтап, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Түн тыныштығы көпшілікке демалыс сыйлағаныммен, кейбір жасөспірімдер үшін ол еркіндіктің шегі жоқ уақыттай көрінеді. Алайда дәл сол мезетте олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлар жиі кездеседі. Мамандардың айтуынша, құқық бұзушылықтың алдын алудың ең тиімді жолы – түсіндіру мен тәрбие жұмысын күшейтеу. Баланың бойында жауапкершілік сезімі қалыптасса, оның теріс әрекетке бару ықтималдығы да азаяды. Осы мақсатта рейд барысында жастармен ашық әңгіме жүргізіліп, заң талаптары түсіндірілді.

Қоғамдық орындардағы бақылау да назардан тыс қалған жоқ. Әсіресе түнгі мезгілде жастар көп жиналатын орындар жиі қадағаланды. Өйткені құқық бұзушылықтың дені дәл осындай бақылаусыз ортада орын алып жатады. Ал оның салдары кейде бір адамның ғана емес, тұтас отбасының тағдырына әсер етуі мүмкін.

Бүгінде құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Дегенмен нәтиже шығуы үшін мемлекеттік мекемелер мен ата-аналар арасындағы байланыс нығайту қажет. Бірлескен іс қана оң өзгерістерге жол ашады. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы мұндай профилактикалық іс-шаралар алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасады. Өйткені бүгінгі жас ұрпақтың амандығы мен тәрбиесі – елдің ертеңгі келбетін айқындайтын басты құндылық.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

ТАРИХ

ЕРЛІКТІ ДӘРІПТЕУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Аламысек табанында өмір сүрген үлкеңді-кішілі естияр адамдарды «ашаршылық болмаса, соғыс болмаса» деп күндерін өткізетін. Ашаршылықтың нәубетін бізге дейін қаншама адам жазды. Ал соғыс туралы, оның зардабы әлі де айтылуы тиіс. 1941-1945 жылдары қамтыған сұм соғысқа 1,5 млн-дай қазақ қатысып, соның жартысына жуығы майдан даласында қалды.



Аламысектен бұл соғысқа қаншама сарбаз аттанды. Олардың қатарында мен білетін Ақберген Тоғымов, Сейілхан Апрезов, Науханбай Нұпейісов, Мұратбай Пірман, Дауылбай Сыздықов, Махметхан Әбішов, Несіпбай Апрезов бар. Көзі тірісінде солардың майдан даласындағы ерліктері жайлы өз аузынан естгендерім бар еді.

Пірман ақсақалдың айтуынша, соғыста зеңбіректен күшті қару жоқ. Ол қаруды «соғыстың құдайы» деп айтушы еді. Зеңбіректен керекті жерді атып болғаннан кейін дереу орнын ауыстырып, жасыру керек. Сондайда Сейілхан мен Науханбай ауыр дөңгелекті зеңбіректі шөп құрлы көрмей дырылдатып сүйреп, комондир татар Юлайевтің айтқан жеріне лезде жеткізеді екен. Майдан даласында Садуахас Сейдіалиев пен Илияс Досжанов аяғынан айырылып, Тәжен Нұрмаханов бір қолын берген.

Соғыстан кейінгі жылдары Ыдырыс Ақсақалов бейбіт өмірде халық игілігіне пайдалы жұмыс істеді. Ал Несіпбай Апрезов күрші егіп, Социалистік Еңбек Ері атанды. Тәжен қолхоз төрағасы болса, Илияс ұшақ командаты, Сейілхан пошта бастығы болды. Ал Пірман қонторда жауапты басты болып жұмыс істеді.

Осы тұста Ақберген Тоғымовтың әңгімесін айтау мүмкін емес. Ол кісі өзінің қай жерде соғысқа қатысқанын, майдан даласындағы қиын кезеңді нақты дәлелмен суреттеп айтатын. Ауылда салынып жатқан тамға бір салар ағаш табылмай жатқан кез еді. Ал Ахан «бір жерден ағаш көрдім» дейді. Сол кезде Әбіш ақсақал «қайда ол тузу ағаш, айтсаңшы» дегенде, Ахан «ол ағашты Зейтмомерде көріп едім» деп өзінің Украина майданында болғанын білдіріп, жұртты күлкіге қарық қылғаны бар.

Махметхан Әбішұлы 1945 жылдың ақпан айында өз зводымен жазушы жау әскерін қолға түсіріп, 20 офицерін қазармаға айдап келген. Осы еңбегі үшін бағыр атағына ұсынылған, бірақ атак бір орысқа берілген. Соғыс кезінде де осындай келенсіз ұлтшылдыққа бой алдырған оқиғалар болып тұрған. Тіпті бұған қатысты архивтерде нақты деректер бар. Соғыстан кейінгі жылдары Махметхан Әбішов

көп жыл бойы қолхоз бастығы болып жұмыс істеді. Қарабай ақсақал тұтқына түсіп, көп жылдан кейін ақталып келіп, өңдірісте жұмыс істеді. Садуахас Сейдіалиев көп жыл қолхоз қоймасына қарауыл болып адал қызмет етті. Ал Төлеу Итемғенов бір емес, бірнеше соғысты басынан өткізген. Тіпті азамат соғысына қатысқан.

Пірман ақсақал соғыс туралы естеліктерінде былай дейді: «Зенитканы басқа жерге көшіріп, үстін жасырып болған соң іргелігі екі бөлмеі тамға келіп, бесеуіміз демалдық. Жатқан бойда ұйықтап кетіппіз. Таң атуға жақындапты, командиріміз Юлаев діни сауатты адам ғой, дереу «біз тегіс елге аман-есен қайтамыз, тек жаракатымыз болады» деді. Соның айтқаны дәл келді. Сол күні Поулес қоршауға түсіп еді. Содан кейін-ақ немістер шегіне бастады» деді ол.

Бірде ауылға сырттан инвесторлар келіп жиналыс жасады. Күршіш алқанының шегіне біраз ақсақалды жинаған азамат Молдовадағы өзінің туған жерін айтқанда Дауылбай ақсақал орнынан тұрып «сол айттып отқан жерді мен жаудан азат еткен едім» деді. Сол кезде қалтасынан 50 мың сом ақшаны суырып Дауылбай ақсақалға берді. Біз таң қалдық, неткен отаншылдық десеіңші. Сол ардагерлер соғыстың зардабын шегіп, елмен қауышқанына маз болып, үкіметтен ештеңе талап етпей әлі келген жұмысқа араласып жүре берді. «Мен соғысқа барып қан қоттім» деп кезде қақпалды. Соның бірі Өйтбай Сәрсенбаев ақсақал еді. Соғысқа аман-есен аттанып, II топтағы мүдәке болып оралды.

Иә, соғысқа қатысқан аламысекті ардагерлер майдан даласында ерлік көрсетсе, кейін тұралаған шаруаны ширатып, елдің еңсе тіктеуінде қолтаңбасын қалдырды. Енді тілеуіміз – елдің бейбітшілігі және тыныштығы елдің бірлігі. Өйткені қазақ халқының көрген азабы мен азары өткен жылдарда аз болған жоқ. Сол соғыста қан төккен майдангерлер туралы жаз береміз. Өйткені ерлікті дәріптеу – ортақ міндет. Кейін Мұстафа Мамытовпен бірге ауылға кіреберіске ескерткіш белгі орнатты. Онда көптеген майдангерді көк тасқа жазып, рухына, ерлікке тағзым еттік.

Мұқан ПІРМАНОВ, ауыл ардагері

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести», Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеттерінде және «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2026 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 21097 дана. Облыстық «Қызылординские вести» газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 5132 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге; ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

Облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінің syrboyi@yandex.kz, kzorda-vesti@yandex.kz сайттарына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта). Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге Stories – 10000 теңге TikTok: Video – 15000 теңге Stories – 10000 теңге Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеті 1934 жылдың 10 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері.

Газеттің таралымы – 2983 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге; ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің zhal-agashzharshysy@yandex.kz сайтына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3500 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 10000 теңге(1 апта); 400 x 800 px – 8000 теңге(1 апта). Instagram: Post (video, photo, reels) – 10000 теңге Stories – 8000 теңге TikTok: Video – 10000 теңге Stories – 8000 теңге Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісімшарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күні бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10/1058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Ескерту: аудандық сайлау комиссиялары өз ауданының газет редакцияларына хабарласады

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2026 жылға өз қызмет құнын ұсынады

«Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта). Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге Stories – 10000 теңге TikTok: Video – 15000 теңге Stories – 10000 теңге Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісімшарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күні бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10/1058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Хабарландыру

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшылардың кезектен тыс жалпы жиналысын 2026 жылы 30 маусым күні сағат 10.00-де мына мекен-жайда өткізу туралы хабарлайды: Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Т.Қыстаубаев көшесі №4 үй («Ауыл» КС) ЖШС ғимаратында.

Күн тәртібі:
1. Серіктестіктің ішінара басқарма мүшесін, тексеру комиссиясын (тексерушісін) қайта сайлау туралы.
2. Серіктестіктің 2023-2024 жылдардағы қаржылық есептемені бекіту туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, 10 күн ішінде жиналыс ашылғанға дейін серіктестікке ұсынуларыңызды, Құрылтайшылардың жалпы жиналысты өткізу тәртібі ҚР заңдарына сәйкес айқындатылғандығын, Құрылтайшылардың жалпы жиналысын өткізу Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Микроқаржылық қызмет туралы» «Кредиттік серіктестіктер туралы» заңына, серіктестік Жарғысын басыпшылыққа алып өткізілетіндігін хабарлайды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

БСН :01064000062

Ауыл тынысы

Әріптестеріммен бірге ауылдағы ағайынның тыныс-тіршілігімен танысып, әлеуметтік нысандардың бүгінгі жай-күйін білу мақсатында ұйымдастырған жұмыс сапарымыз бұл жолы Бұқарбай батыр ауылында жалғасты. Бөреке-бірлігі жарасқан елді мекенге арнайы атбасын бұрудағы басты мақсатымыз – жергілікті халықтың өл-аухаты, ауылдың бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысу. Сапарда білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласы мен жол сапасын назарға алдық.



БҰҚАРБАЙ БАТЫР: ЖАҢАРУ МЕН ДАМУ ЖОЛЫНДА



ЖОЛ САПАСЫ ЖАҚСАРҒАН

Бүгінде елді мекенде 382 отбасы, 1851 тұрғын бар. Оның 804-і тұрақты жұмыспен қамтылған, 264-і өзін-өзі жұмыспен қамтып, кәсіпкерлік пен шаруашылық қызметін дамытуда. Ауылдық округ әкімі Ермек Сәйділдандының айтуынша, алдағы уақытта да халықты жұмыспен қамту деңгейін арттырып, кәсіпкерлікті қолдау және жаңа жұмыс орындарын ашу бағытындағы жұмыстар жалғасын таппақ.

Елді мекенде инфрақұрылымды дамыту бағытында бірқатар жұмыс атқарылуда. Мәселен, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында өткен жылы облыстық бюджет есебінен Н.Оспанқұлов және П.Әлпейісов көшелеріне асфальт төселген болатын. Ал биыл С.Айтұаров, Ә.Досымбетов, Қ.Сейітов, Ж.Жабаев, С.Байқадамов, Ә.Бердаулетов, Т.Үркімбаев, Ким Яков, Н.Оспанқұлов, П.Әлпейісов, Ж.Сақтанова және Қойшығұл көшелеріне асфальт төсеу жұмыстары толықтай жүргізілген. Бұл жұмыстарды мердігер «Қыран» ЖШС сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтаған.

Елді мекенді көркейту, қоғалдандыру және абаттандыру бағытындағы жұмыстар да назардан тыс қалмапты. Былтыр бұл мақсатқа 1 миллион 500 мың теңге бөлініп, тиісті жұмыстар жүзеге асырылған. Санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізуге 3 миллион теңге жұмсалған. Сонымен қатар ауыл көшелерін жарықтандыру мақсатында түнгі жарық шамдарының қызмет көрсетуіне 3 миллион 26 мың теңге қаржы қаралған. Бұдан бөлек Абай көшесіне темір қоршаулар орнатылып, су ағатын арықтарды қазу жұмыстарына 7 миллион теңге бөлініп, толық игерілген.

ШАРУАСЫ ШИРАҒАН АУЫЛ

Былтыр ауылдағы шаруа қожалықтар 3 365 гектар жерге күріш, 50 гектарға бидай, 65 гектарға жүгері еккен. Сондай-ақ 493 гектар жерге жаңа жоңышқа егіп, 942 гектар ескі жоңышқаны күтімге алыпты. Мұнан бөлек 12 гектар алқапқа картоп егілген.

Ауылдық округтің жалпы жер қоры 30 534 гектарды құрайды. Оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемі – 15 574 гектар. Атап айтқанда, егістік жерлер 4 688 гектар, шабындық алқаптар 924 гектар, ал жайылымдық жерлер көлемі 6 483 гектарды құрайды.

САЛАДА СЕРПІН БАР

Ауылда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі таңда өнім өндіру, қызмет көрсету және ауыл шаруашылығы салаларын қамтитын 141 шағын кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның ішінде 136-сы тұрақты жұмыс істеп келеді. Атап айтқанда, 9 заңды тұлға, 78 шаруа қожалық және 60 жеке кәсіпкер халыққа қызмет көрсетуде.

Тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсарту мақсатында ауыл аумағында 6 сауда дүкені, 1 жол бойы қызмет көрсету кешені және 1 техника жөндеу орталығы жұмыс істейді. Бұл нысандар жергілікті халықты қажетті тауарлармен қамтамасыз етіп қана қоймай, жаңа жұмыс орындарының ашылуына да ықпал етуде.

– Ауылда кәсіпке бет бұрған жастар қатары жыл сайын артып келеді. Әрине, бұл – қуантарлық жағдай. «Кәсіп бастаймын» деген тұрғындарды қашанда қолдауға дайынбыз. Мәселен, былтыр «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы мен «Ауыл аманаты» жобасы аясында егін және мал шаруашылығы дамытуға бағытталған 7 жоба мақұлданып, жалпы көлемі 59,5 миллион теңге жеңілдетілген несиелер берілді. Сондай-ақ «Еңбек»

үміткер түлек алғашқы сынама тесттен 123 балл жинаған.

Ауылда мектепке дейінгі тәрбие беру ісі де назардан тыс қалмаған. Елді мекенде орналасқан 120 орындық №13 «Балдырған» бөбекжай-бақшасы 1975 жылдан бері халық игілігіне қызмет көрсетіп келеді. Бүгінде балабақшада 6 топ жұмыс жасап, 110 бүлдіршін тәрбиеленуде. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында 18 педагог пен 28 техникалық қызметкер еңбек етіп, балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауда.

Ауылдағы білім беру мекемелері жас буынның білім мен тәрбие алуына, олардың қабілетін шыңдап, болашаққа сеніммен қадам басына өз үлесін қосып келеді.

ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Денсаулық сақтау саласы бойынша ауыл тұрғындарына медициналық қызмет көрсететін ауылдық емхана жұмыс істейді. Емхана ғимараты 1979 жылы пайдалануға берілген. Медициналық мекемеде тұрғындардың денсаулығын сақтауға бағытталған жұмыстар тұрақты жүргізілуде. Бүгінде емханада 1 дәрігер, 12 медбике және 7 техникалық қызметкер еңбек етеді. Олар ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетіп, профилактикалық және емдеу шараларын жүзеге асыруда.

Тұрғындар арасында 370 адам диспансерлік есепте тұр. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі жандар саны – 57. Ал 14 жасқа дейінгі балалар саны 498 болса, олардың 20-сы диспансерлік есепте тұр. Ал мүмкіндігі шектеулі балалар саны – 7. Қазіргі таңда 13 жүкті әйел дәрігердің бақылауында.

Айта кетейік, емханада 5 орындық күндізгі ем қабылдау бөлімі жұмыс істейді. Жыл басынан бері бұл бөлімде 110 науқас түрлі сырқат бойынша ем қабылдаған. Дәрігердің айтуынша, көбіне тұрғындар бүйрек аурулары, бел омыртқа сырқаттары, артериялық қан қысымы, асқазан аурулары және қаназдық диагноздары бойынша шағымданып келеді.

Демографиялық көрсеткіштерге сәйкес, елді мекенде 1 жасқа дейінгі 22 сәби тіркелген. Бала туу жасындағы әйелдер саны 312 адамды құрайды. Жалпы ауылдық емхана тұрғындардың денсаулығын нығайту, аурулардың алдын алу және медициналық қызметтің қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытында өз жұмысын жалғастыруда.

ӨНЕР МЕН ӨНЕГЕНІҢ ОРДАСЫ

Ауыл тұрғындарының рухани-мәдени өмірін дамытуда Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет үйінің орны ерекше. 1989 жылы пайдалануға берілген мәдениет үйі 216 орынға лайықталған. Бүгінде мұнда 12 қызметкер еңбек етіп, ауылдағы мәдени-көпшілік шаралардың жоғары деңгейде өтуіне үлес қосуда. Сондай-ақ мәдениет үйінің өнерпаздары аудандық, облыстық, және халықаралық байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленіп, ауыл мерейін үстем етуде.

Жергілікті тұрғындардың рухани қазынасын байытуда кітапхананың да атқарып отырған қызметі зор. Ауыл өкімінің айтуынша, кітапханада 2 маман жұмыс істейді. Қазіргі таңда кітап қоры 18 667 дананы құраса, тұрақты оқырмандар



Сезім НҮР

саны 785 адамға жеткен. Кітапханада оқырмандардың білімін толықтырып, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі әдеби-танымдық шаралар ұйымдастырылып келеді.

ЧЕМПИОНДАР ШЫҒАРҒАН ШАҢЫРАҚ

Ауылда жастардың бұқаралық спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын қалыптастыруына барлық жағдай жасалуда. Мұнда чемпиондар мекеніне айналған аудандық №14 спорт мектебіне қарасты «Байтабын» спорт кешені жұмыс жасайды. Жалпы құны 112 млн теңгені құрайтын спорт кешені «Байтабын» ЖШС-ның демеушілігі арқылы салынып, 2021 жылы ел игілігіне берілген.

Қазіргі таңда спорт кешенінде еркін күрес үйірмесіне 56 бала қатысады. Тәжірибелі жаттықтырушылардың жетекшілігімен тәрбиеленіп жатқан жас палуандар аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі ашық турнирлерге қатысып, жүлделі орындар иеленіп келеді.

Жас спортшылардың жетістігі ауыл жастары арасында спортқа деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, өңірдің абыройын асқартуға да өз үлесін қосуда. Ауыл балаларының бос уақытын тиімді ұйымдастыруға арналған нысанда жыл сайын чемпиондар қатары артауда.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҢАРУ ЖОЛЫНДА

Ауылда инженерлік-инфрақұрылымдық жүйелер кезек-кезеңмен жаңғыртылып, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыс атқарылуда. Қазіргі таңда Бұқарбай батыр ауылдық округінде 380 тұрғын үй бар. Барлығы ауызсу және электр желілерімен толық қамтамасыз етілген. Сондай-ақ елді мекендегі тұрғын үйлердің барлығы толықтай нөмірленген.

– Халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында 2014 жылы «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында 346 млн 500 мың теңге қаржы бөлініп, ауылдық округтің ауызсу жүйесі толық жаңартылды. Нәтижесінде 380 отбасының үйіне ауызсу желісі тартылды. Қазіргі таңда 360 тұрғын үйге су есептегіш құралдары орнатылған. Таулігіне тұрғындарға 300 текше метр ауызсу үздіксіз, яғни 24 сағат бойы жеткізіліп отыр. Ауызсу жүйесінің жалпы ұзындығы 22 шақырымды құрайды, – деді ауыл әкімі.

Электр жарығымен қамту саласында да ауқымды жұмыстар жүзеге асырылған. 2021 жылы аудандық электр тарату торабы тарапынан 68 млн теңге қаржы бөлініп, елді



мекендегі барлық электр бағаналары мен трансформаторлар жаңартылып, электр желілерінің сымдары толық ауыстырылған. Нәтижесінде электр жүйесі күрделі жөндеуден өткізіліп, халыққа сапалы қызмет көрсету мүмкіндігі артып отыр.

Байланыс және ақпараттық инфрақұрылым саласында «Қазақтелеком» бөлімшесі тұрғындарға қызмет көрсетуде. Бөлімше ғимараты 1989 жылы пайдалануға берілген. Мұнда 1 қызметкер еңбек етеді. Қазіргі уақытта ауылдағы 380 тұрғын үйдің 160-ына телефон байланысы орнатылса, 130 үй интернет желісіне қосылған.

Сонымен қатар елді мекенде 1989 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Қазпошта» бөлімшесі халыққа пошта және қаржылық қызметтер көрсетіп келеді. Бөлімшеде 1 қызметкер жұмыс атқарып, тұрғындардың қажетті қызметтерді уақытылы алуына жағдай жасауда. Жалпы ауылдық округтің коммуналдық және байланыс инфрақұрылымы кезек-кезеңмен жаңартылып, тұрғындарға қолайлы әрі сапалы қызмет көрсету бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жалғасуда.

АУЫЛ КЕЛБЕТІН АЙШЫҚТАЙТЫН ЖОБАЛАР

Ауыл әкімі алдағы уақытта жергілікті тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және елді мекеннің инфрақұрылымын дамыту бағытында бірқатар маңызды жобаны жүзеге асыру жоспарланып отырғанын жеткізді. Ең алдымен ауылшілік 16 көшені жарықтандыру көзделуде. Бұл жоба тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, елді мекеннің түнгі көркіне де айшықтай түспек.

Сонымен қатар көптен күткен газдандыру жұмысы да күн тәртібінен түспей тұр. Мұнан бөлек мәдениет саласын дамыту бағытында ауылдық мәдениет үйі ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу де жоспарланған. Сондай-ақ ауылдың көркеюіне бағытталған жобалар аясында орталық алаңды күрделі жөндеуден өткізіп, Абай Құнанбаев және Бұқарбай батыр көшелерін темір шарбақпен қоршау көзделіп отыр. Жоспарланған жобалардың барлығы ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беріп, жергілікті халық үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі сапарымыздан түйеніміз, еңбекпен еңсе тіктеген ауылдың тыныс-тіршілігі тұрақты, тұрғындарының тірлігі тиянақты. Бірлігі бекем, бөреkesі мол елді мекенде атқарылған жұмыс аз емес. Алдағы жоспарлар да ауқымды. Атқарылған іс пен алдағы жоспарға қарап, елді мекеннің келешегіне үлкен сеніммен қарайық.